

Хабарлама

Ғ.Мәсәлімов атындағы орта мектеп кітапханасының 2022-2023 оқу жылында өткізілген шаралар бойынша мәлімдейді:

Мектеп кітапханасының жоспарына сай шаралар өтті. Бастауыш сыныптар арасында «Ертегілер елінде» атты ертегілік өтті. Мақсаты: Ертегі кейіпкерлері туралы білімдерін кеңейту, көргенін, естігенін еске түсіріп айту, мәнерлеп сөйлеуге баулу.

1 сынып оқушыларына кітапханашы Ж.Қоржынова «Ертегілер» кітабынан ертегі оқып берді және де экраннан «Жақсылық пен жамандық», «Адалдықтың өтемі» ертегілері көрсетілді. Оқушылардан көрген ертегілерінен кері байланыс жасалды. Әжемнің ертегілері, Алдаркөсе қазақ ертегілерінен ертегілік өткізілді.

- «Буккроссинг» Мақсаты: Үйімізде жатқан немесе оқылған кітаптарға «екінші өмір сыйлау» акциясы болып өтті. Акцияға мұғалімдер, оқушылар қатысты.

- «Тәуелсіздік туы желбіре» Мақсаты: Балалардың өздерінің туған жеріне деген сүйіспеншілігін ояту, өз елінің патриоты болуға, ел егемендігін сақтай білуге, елінің кірпіші болып қалануға баулу. Оқушыларға тәуелсіздік тарихы туралы түсінік беру, әнұран айту, тәуелсіздік туралы тақпақтарымен бөлісу.

Республикалық Бір ел, бір кітап акциясының биылғы кітабы Төлен Әбдіқұлы Оң қол кітабынан оқырмандар конференциясы өткізілді. Балалар әдебиетінің бәйтерегі балалар жазушысы Е.Елубаев шығармаларын оқу есте сақтауға, құрмет тұтуға, үлгі алуға тәрбиелеу мақсатында шара болып өтті. Жазушының өмір жолы мен шығармаларымен тереңірек танысып, шығармаларын оқыды.

«Ахмет Байтұрсынұв қазақ халқының ұлы көсемі» Мектеп кітапханасы Ахмет Байтұрсынұвтың 150 жылдығына орай «Ахмет Байтұрсынұв қазақ халқының ұлы көсемі» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылып, дәуірдің жарық жұлдызы, ұлттың ұлы ұстазы саналатын Ахмет Байтұрсынұвтың шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы кітапхана меңгерушісі Г.Гилманова оқушыларға мағлұмат беріп өтті. Іс-шараның мақсаты: Ахмет Байтұрсынұвтың өмірбаяны, шығармашылығы, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беру, оқушылардың іздемпаздық қабілеттерін дамыту. Көрмеге А. Байтұрсынұвтың 5 томдық шығармалар жинағы, Тіл тағылымы, «Маса», «Әдебиет танытқыш», А. Байтұрсынұвтың тілтанымдық мұрасы, кітаптары қойылды.

- «Мұқағали-мәңгілік ғұмыр» 9 ақпан - ақын ақын, тау тұлғалы талант, дарынды дарабоз, «Ғасыр ақыны» атанған, сырлы сезімнің иесі – Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай Жалпы білім беретін Ғ.Мәсәлімов атындағы орта мектеп базасында «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» тақырыбында ақынды еске алу шарасы өткізілді. Шараның мақсаты: М.Мақатаев поэзиясының халыққа кең таралуының мәні мен оның өміршеңдігінің сырын таныту, шығармашылығының музыкамен үндесу ерекшелігін, ақынның сөзіне жазылған әндерін көпшілік назарына ұсыну. Әр сыныпта Мұқағалидың өмірі мен шығармашылығына арналған бейнебаян көрсетіліп, ақынның өз даусымен оқыған өлеңдері оқушы жүрегіне жол тапты. «Поэзия, менімен егіз бе едің», – деп ақын өзі жырлағандай, шара барысында оқушылар Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін нақышына келтіріп, мәнерлеп оқыды. Сонымен қатар, мектеп кітапханасында көрме жасакталып, оқушыларға таныстырылды.

Мұқағали-мәңгілік ғұмыр! Ақын мұрасы, маржан поэзиясы-мәңгілік, болашақ ұрпақтың еншісі, қастерлеп-қадірлейтін мұрасы, ақын көкірегінен буырқана ағылған жыр жанартаулары өлең құмар халыққа таусылмайтын сый, мол қазына болып қала бермек. «Шыңға шыққан жас шынар» «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, Мұхтар Әуезовтың туғанына 125 жыл толуына орай, «Шыңға шыққан жас қыран» тақырыбында жоғары сынып оқушыларымен әдеби шара өтті. Кітапханашы Ж.Қоржынова оқушыларға Мұхтар Әуезовтың өмірбаянын қысқаша баяндап, ақын-жазушылардың Мұхтар Әуезов

туралы ойларынан мысал келтірді. Әдеби джем ойыны ойнатылып, оқушылар қағаз киындыларында жазылған өлең жолдарын құрастырды.

«Жүйріктен, жүйрік озар жарысқанда» 7-10 сынып оқушылар арасында Ж.Жабаевтың мерейтойына арналған «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» тақырыбында жас акындар мүшәйрасы өткізілді. Шара барысында оқушылар Ж.Жабаевқа арнаған жүрекжарды өлеңдерін оқыды. 2ші бөлімде берілген үзінділер бойынша өлең шумақтарын құрды. Женімпаз оқушылар арнайы дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталды.

«Ақылдың сөнбейтін шамшырағы» Оқушылары арасында

«Ақылдың сөнбейтін шамшырағы» тақырыбында Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» әңгімесі бойынша үздік оқырман сайысы болып өтті. Мақсаты: Оқушылардың дүниетанымын кеңейту, шығармашылық қабілетін, ой-өрісін дамыту.

Үздік оқырман отбасы. Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен ҚР Білім және ғылым министрлігі «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыруды тапсырған болатын. Осыған байланысты, мектеп кітапханасында «Үздік оқырман отбасы» тақырыбында отбасылық сайыс ұйымдастырылды. Сайысқа 4 отбасы катысты. Сайыс «Сұрасаң менің тегім...», «Мен оқыған бір кітап...», «Мақал-сөз атасы», «Интеллектуалдық сайыс» болып төрт кезеңнен тұрды. Қортындысында Ескалиевтар отбасы «Үздік оқырман отбасы» атағын жеңіп алса, Биденев, Еншоллаев, Мұхиденовтер, отбасылары Алғыс хатпен марапатталды.

Мектеп кітапханасында оқырмандарға кітаптың электронды нұсқасының штрих кодтары мен стендыда шығарылды. Оқырмандар смартфондағы App Store қосымшасынан QR кодты жүктеп алып штрих кодтарды сканерлеу арқылы өздері оқығысы келген кітапты электронды форматта оқуға сол арқылы мүмкіндік алды. Электронды кітаптарды QR-код арқылы жүктеу жолдары көрсетілді, т.б жұмыстар жасакталуда.